

АРАБ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАНЫМЫНДАҒЫ «СУ» ҰҒЫМЫНЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

*Мухитдинов Р.С.¹, Қожабекова Ш.Б.²

¹филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-3910-8222

²филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері
университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: sholpan200965@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1984-759X

Аңдатпа. «Су» ұғымы адамзат баласының пайда болған заманынан бастау алғандықтан, араб және қазақ тілдеріндегі әдеби шығармаларда жолығатын сантүрлі атаулар мен тұрақты тіркестердің ең көне құрамына жатады. Қай кезеңде болмасын, араб поэзиясында «су» ұғымы өзіндік нақышпен ерекшеленеді. Сахара шөлінде орналасқан араб халқының Исламға дейінгі өмірі су тапшылығының әсерінен қиыншылықпен және қатігездікпен сипатталды. Жаһилия (Исламға дейінгі) заманындағы араб халқының өмір сүру салты су мен жасыл жайлау (жайылым) іздеп, бір жерден екінші жерге көшіп-қонуымен танымал. Сол себепті араб тілінде суды қасиетті санау, оған деген махаббат пен құрметтің қалыптасуы кездейсоқ емес. Зерттеуде суға қатысты келген араб тіліндегі тіркестерді қазақ тіліндегі тіркестермен, сөзден туындаған етістіктермен салғастыра зерттеу мақсат тұтылды. Кез келген халықтың ұлттық коды оның тілінде сақталатындықтан, әрбір концептіні зерттеу барысында ол ұғымның халық санасындағы орнын, маңыздылығын аңғаруға болады. Сондықтан бұл мақалада араб танымындағы «الماء» (су) ұғымының тілдік бірліктерін жинақтап, оның қазақ менталитетіне тән «су» концептісіне қатысты фразеологиялық сөз оралымдарымен салғастыра талдау жасай отырып, араб және қазақ тілдеріндегі «الماء су» ұғымының тілдегі көрінісін айқындау арқылы екі тілдегі сөз өнерінің басым көпшілігі сол халықтың тұрмыс салты мен күнделікті тіршілігі, діні мен сеніміне байланысты туындағанының куәсі боламыз. Сол себепті қарастырып отырған екі халық тіліндегі ортақтық пен іргелестік тамырын қос халықтың ұқсас көшпенді өмір салтынан, діни дүниетанымынан іздейміз. Зерттеу нәтижелерін араб және қазақ тілін салғастыра зерттеушілер, аудармашылар пайдаланады.

Тірек сөздер: су, тіл, түбір, дүниетаным, халық, мақал-мәтелдер, ұлттық дүниетаным, фразеологизм, аударма

Негізгі ережелер

Зерттеу мақаласында араб және қазақ халықтарының когнитивті санасындағы «су» ұғымы құрайтын тілдік бірліктер талданды. Мақаланың мақсаты «су» сөзінің этимологиясын, семантикалық бірліктерде қолданылуын зерттеу болды. Араб тіліндегі «ماء» (мә') сөзінен пайда болған етістіктерді қазақ тіліндегі сол мағыналарды беретін етістіктермен салғастыра талдау жасалды. «Су» сөзімен байланысты қолданылатын сөз тіркестерінің, мақал-

мәтелдердің, нақыл сөздердің лингвомәдени, теолингвистикалық мазмұнын ашу секілді міндеттерге қол жеткізілді.

Кіріспе

Кез келген халықтың тілін оның ділімен, мәдениетімен, дүниетанымымен байланыстыра зерттеу оның тілдік қорын анықтауға, ұлттық кодтарын табуға, санасында жасырылған ақпараттарды шығаруға жәрдемдеседі, септігін тигізеді. Осы орайда тақырыбымызға тиек болған «су» ұғымы араб және қазақ тілдерінде бар қолданыстар негізінде халықтың салт-дәстүрінен, өмір сүру әдісінен, тұрмысынан, таным-түйсігінен, қоршаған ортасы мен айналасында орын алып жатқан табиғи құбылыстар мен өзгерулерді қалай қабылдайтындығынан ақпарат береді. Адамзаттың өмір сүрудегі басты қажеттілігі саналатын «су» ұғымымен байланысты тілдік бірліктердің сипатын ашу сол халық өміріндегі судың маңыздылығымен және басқа нәрселермен астарласып жату деңгейін көрсетеді. Тілді когнитивті лингвистиканың нысаны ретінде зерттеу халықтың таным мен түп санасында жатқан ұлттың рухани, мәдени құндылықтарын көрсету, жариялау үшін маңызды. Қазақ және араб тіліндегі суға қатысты атаулар ұлттық рухани мұраның жәдігері екендігін еске алсақ, олардың тілдік қабаттарын зерттеу өзекті болып шығады.

Г.Н. Смағұлованың пікірінше, бір халықтың тілінде фразеологиялық тіркестердің жиі ұшырасуы олардың мол тілдік байлығынан, салт-дәстүрінен, атадан балаға мирас болып жалғасқан әдет-ғұрпынан көп мағлұмат береді. Әр ұлттың өмір сүру салтына сай, діни дүниетанымына сәйкес табиғи құбылыстардың сәтүрлі ықпалына байланысты пайда болған фразеологизмдер сол ұлттың не халықтың тұрмыс-тіршілігінен, өмір сүру салтынан хабар береді [1, 46 б.].

Адамзат қоғамының ілгерілеп даму нәтижесінде болып жатқан алуан түрлі өзгерістер де тілден тыс қалмайды. Тілдік жүйенің ең маңызды бірлігі сөздің ішкі мазмұны мен сыртқы құрылымы қоғамдағы өзгерістерді бойына сіңіріп алады да интралингвистикалық заңдылықтар негізінде өзгеріске түсе отырып дамиды. Соған орай, осы мақаламызда араб тіліндегі «الماء» (әл-мә'), яғни «су» концептісінің тілдегі көрінісіне тоқталамыз.

Мақсат-міндеттер: Мақала барысында араб және қазақ тілдеріндегі «су» ұғымының тілдік бірліктерін анықтау және оның Құран кәрімдегі, араб-қазақ танымындағы образды бейнелерін ашу мақсаты алға қойылды.

Осы мақсатқа жету барысында мынандай **міндеттерді шешу көзделді:**

- «су» сөзінің қазақ және араб тілдеріндегі көрінісін айқындау;
- «су» сөзіне қатысты атауларды семантикалық топтарға бөлу;
- араб және қазақ тілдеріндегі «су» ұғымымен байланысты тілдік бірліктердің әлеуметтік, танымдық және этимологиялық негіздерін талдау;
- араб және қазақ мақал-мәтелдері мен тұрақты тіркестеріндегі «су» концептісінің көрінісін анықтау, өзара салғастыру;

Материалдар мен зерттеу әдістерінің сипаттамасы

Зерттеудің негізгі материалдары ретінде араб және қазақ тіліндегі түсірдірмелі сөздіктер, әдеби шығармалар, діни еңбектер алынды.

Мақала жазу барысында пайдаланылған **әдіс-тәсілдер**: сөз түбірін анықтау, мағыналарын баяндау, қолданылу салаларын сипаттау, талдау, салыстыру, салғастыру, синхронды, диахронды әдістер, аударма жасау, лингвистикалық талдаудың семантикалық, танымдық-логикалық түрлері пайдаланылды.

Талқылау

Алдымен «су» сөзінің екі тілдегі түбіріне талдау жасасак. Араб тілінде «су» (الماء) сөзінің түбірі موه (мәуһ). Түбірдегі «һә» (الهاء) әрпінің орнына тілге жеңіл болуы үшін һамза қолданылып, (الماء) болып айтылады. Оны «ماء» (мә') сөзінің көпше түрінен біле аламыз. «ماء» (мә') сөзінің екі көпше түрі бар. Олар: «أمواه» (әмуаһ) және «مياه» (миаһ). Осы екеуінде де түбір әріп «һә» өз орнына келген. Жалпы араб тілінде сөздің түбірін анықтаудың бірнеше жолы бар. Соның бірі ол сөздің көпше түріне қарау. Осы түбірдегі «һә» әрпін һамзаның алмастыратындығын орта ғасырдағы атақты лингвист ғалым Ибн Дурайд өзінің «Жамһарату әл-луға» атты түсіндірме сөздігінде айтқан [2, 248 б.].

Араб тілінде де қазақ тілінде де «су» түбірінен шыққан етістіктер бар. Алайда бұл етістіктердің мағыналары әрдайым бірдей бола бермейді. Мысалы, «әл-Муғжам әл-уасит» [3, 892 б.] сөздігінде «су» сөзінің түсіндірмесінде келесідей мысалдарды келтірген: «ماهت البئر» (мәһат әл-би'ру) «құдықтың суы көрінді» деген мағына береді. «ماهت السفينة» (мәһат әс-сәфинату) «кемеге су кірді» деген мағына береді. Бұл екі тіркестің қазақ тіліндегі аудармасында немесе қолданысында «су» сөзі болғанымен, олар етістік ретінде қолданылмайды. «Су» сөзі екі тіркесте де туынды сөз емес. «ماء الشيء بالشيء» (мә'ә әш-шәй'ә биш-шәй'и) «бір нәрсені екінші нәрсемен араластырды» деген мағына береді. Бұл сөйлемнің қазақ тіліндегі аудармасында «су» сөзі мүлдем келмейді. Ол «араластыру» деген етістікпен беріледі. «ماء فلان في كلامه» (мә'ә фулән фи кәләмиһи) «пәленше сөзінде шатасты» деген мағына береді. Бұл сөйлемде де «су» сөзі жоқ. Оны «шатасу» деп аудармыз. Ал «ماء فلانا» (мә'ә фуланан) «пәленшеге су берді», «пәленшені сусындандырды» деген қолданысында «су» түбірінен шыққан етістікті қазақ тілінде де солай «суғарды», «сусындандырды» деп қолданамыз.

Арабша-қазақша сөздікте «су» сөздік ұясында төмендегідей мәліметтер келген: 1) ماء (موه) (y, a) مَوْء 1) *суы мол болу* (бұлақ тур.); 2) *сұйылту* (сумен); 3) *араластыру* (нені-таб.с., немен الحليب بالماء ~; (-) сүтке *су араластыру*; 4) *су беру* (кімге); *суғару* (нені); 5) *су жинау* (қайда, неге); ~ الحوض хауызға *су жинау* деген етістікті мағыналары бар [4.739 б.]. Осы «ماء» (мәһә) түбір етістігінен (мужаррад) шыққан туынды етістіктер (мәзид) де бар. Мысалы:

«فَعَّلَ» (фағғала) уазнында¹ *маууаһа* (مَوْء) - 1) *сұйылту, су қосу*; 2) *алтын жалату*; *күміс жалату*; *жабу, қаптау* (немен 3 ;(-) *біраз әдемілеңкіреу*,

¹ Еуропа және Қазақ арабтануында бұл уазн «II бап» деп аталады. Араб грамматикасында ол «المزيد بحرف» (мәзид бихарф) деп аталады.

бояңқырау, сырлаңқырау; көз бояушылық, қулығын асыру деген мағыналар береді [4, 739 б.]. Сонымен қатар бұл уазнда «موه الموضع» (мәууаһа әл-маудиғ) «жерде су пайда болды», «موه السماء» (мәууаһа әс-сәмә') «аспаннан мол төгілді», яғни мол жаңбыр жауды, «шындық пен жалғанды араластыра әңгіме айту» деген де мағыналар береді [3, 892 б.].

Бұл түбірдің «أفعل» (әфғала) уазнында² келген туынды етістігі де бар. Ол «сумен сұйылту; сулау; су бүрку; дымдау (пышақты қайрау алдында)» деген мағыналар береді. «أماهت الأرض» (әмәһат әл-арду) деген тіркес «жердің суы молайды», «тамшылары көрінді» деген мағыналар береді. Сонымен қатар «أماه» (әмәһа) етістігінің I баптағы секілді «жерді қазып суға жету», «бір затты екінші затқа араластыру», «біреуді суғару, оған сусын беру», «хауызға су жинау» деген де мағыналарда қолданылады [3, 892 б.].

Бұл түбірдің «تفعل» (тәфағғала) уазнында³ келген туынды етістігі де бар. Бұл «فعل» (фағғала) уазнында келген мағыналардың салдарында қолданылады. Сонымен қатар «تموه الثمر» (тәмәууһа әс-сәмар) деген тіркесті тікелей аударсақ «жеміс суланды», «суға толды» деген мағына береді, яғни жемістің суы толып, пісуге әзір болды [3, 892 б.].

«Су» (ماء) сөзінен жасалған етістіктер арқылы туындаған мағыналарды жоғарыда талдадық. Бұдан байқайтынымыз «су» сөзі түрбір және туынды етістіктер арқылы көптеген мағына береді екен. Алайда барлық мағынаны жинап келетін болсақ, «сулау», «суару», «екі нәрсені араластыру» деген мағыналардың аясында топтастыруға болады екен.

Қазақ тілінде де «су» түбірінен шыққан туынды етістіктер бар. Мысалы: суалу; суалту; суалдыру; суару, сулау және т.б. Қазақ тілінде де араб тіліндегі секілді бұл етістіктер «су» ұғымына қатысты мағыналарды береді.

Бұл етістіктерден бөлек «суы» сөзі беретін, «су» сөзімен жасалған тіркестердің беретін басқа да мағыналары бар. Мысалы: араб тілінде «ماء الوجه» (мә'у әл-уажһ) «беттің суы» деген тіркес бар. Ол «абырой», «ар-намыс», «бедел» деген мағыналарды береді [4, 739 б.]. Салих ибн Абдулқуддус деген араб ақынының:

إذا قل ماء الوجه قل حياؤه ... ولا خير في وجه إذا قل ماءه [6, 149 б.]

Егер жүздің суы азайса, ұяты азаяды,

Суы азайған жүзде жақсылық қалмайды, – деген өлең жолдары бар. Бұл қазақ халқындағы ұялуға қатысты «бет бар ма», «қарауға бет жоқ», «бетке шіркеу болды» [7, 301, 302, 304 бб.] тіркестермен мағыналас.

أراق ماء وجهه : أذلّ نفسه، أهدر حياءه وكرامته \ حفظ ماء وجهه [5, 967 б.]

«Ол өз жүзінің суын төкті» деп араб халқы адам өзінің ар-намысын таптағанда, өз-өзін ұятқа қалдырғанда қолданады. Бұл тұста араб халқы суды абырой, намыс пен ұятқа теңеп отыр. Себебі суы тапшы, әрі оған қол жеткізу оңай емес, климаты құрғақ сахара шөлін мекен еткен арабтар үшін адам бойындағы ар, намыс, ұят секілді асыл қасиеттер де судай бағалы, құнды,

² Еуропа және Қазақ арабтануында бұл уазн «IV бап» деп аталады. Араб грамматикасында ол да «المزيد» (мәзид бихарф) деп аталады.

³ Еуропа және Қазақ арабтануында бұл уазн «V бап» деп аталады. Араб грамматикасында ол да «المزيد» (мәзид бихарфайн) деп аталады.

қадірлі. Сондықтан да адам жүзінің суы төгілуі – оның ары, намысы, ұяты төгілуімен тең. Осыдан «абыройын сақтау», «ар-намысын сақтау» және «беделін сақтау» деген мағынаны «حفظ ماء الوجه» (хафиза мә’ә әл-уажһ) деген тіркеспен береді.

Ал, қазақ халқында «намыс» мағынасы «су» сөзіне тікелей теңелмесе де «жүз», «бет» сияқты адамның көрнекі дене мүшелеріне таңылады. Мысалы, «Бет көрсе, жүз ұялады», «Бет моншағы үзілді», «Бетіне келер ұятын, Өзі біліп жуса игі», «Өз бетін аямаған, кісі бетін шиідей қылады» деген тіркестер.

Келесі тіркеске тоқталатын болсақ,

عاد المياہ إلى مجاريها: عادت الأمور إلى أوضاعها السابقة، صلح الأمر بعد فساد، زال سوء التفاهم
[8, 368 б.]

Тікелей аударатын болсақ, «су өз арнасына түсті, су өз бағытына оралды» деген мағынаны білдіреді. Ал оның мәнін ашатын болсақ, «белгілі бір арнадан ауытқыған істің өз тұрақтылығына қайтып оралғанын, бүліктен кейінгі жағдайдың жақсаруын немесе түсініспеушіліктің жойылып, келісімге келуін» білдіреді. Жоғарыда атап өткеніміздей, су араб халқы үшін өте тапшы ресурс болып саналады, соның әсерінен араб халқының аймақтарында қуаңшылық жағдайында арналарда су тартылып қалады. Ал су тартылса, әрекет тоқтайды, әрекетсіздік болған жерде тіршілік көзі де болмайды. Судың тапшылығы осындай қиындыққа әкелген соң, су өз арнасына түсіп кеткенде жағдайдың жақсарып, тұрмыс-тіршіліктің жанданғаны сияқты, адам өміріндегі қиындықтың жеңілдеп, шиеленіскен мәселенің шешілуін дәл сол судың өз арнасымен тасып аққанына теңейді. Қазақ тілінде бұл мағынаға «сабасына түсті» деген тіркес келіңкірейді. Негізінен, «саба» сөзі қазақ тілінде жылқы терісінен жасалған қымыз ашытуға арналған ыдысқа қолданылады [9, 505 б.]. Осыдан «сабасына түсу» тіркесі шыққан. Ол қымыз қатты ашығанда осы сабаға сыймай сыртына төгілетіндіктен, оны ашуы кернеп, терісіне сыймай ісініп, табиғи жағдайынан шығып кететін адамға не топқа қолданылады. Араб тіліндегі жағдай ушығып, кейінен табиғи жағдайына оралуды арнасынан асқан тасқын суға теңесе, қазақтар оны сабасынан тасыған қымызға теңеген деуге болады. Өйткені қазақ дүниетанымы үшін ашыған қымыздан ісінген сабаны түсіну жеңіл еді. «Тасқыны басылып, саябыр қалпына келді», «тасқыны басылып, ызғары қайтсын, ашуы сабасына келсін» [9, 505 б.] деген де тіркестер бар.

Келесі су сөзімен байланысқан тіркестерді талдайтын болсақ,

ماء الشَّبابِ عُنْفُوانَ سَنَبْتِهِ [10, 475 б.]

Тікелей аудармасы: «жастық шақтың суы», мағынасы: «жастық шақтың балғын, шарықтау кезі». Яғни араб халқы жастық шақты су секілді мөлдір, таза, сіңімді деген ұғымға теңестіреді. Су жерге сіңіп жемісті нәрлендіргеніндей, жас адам да халқына судай сіңіп оның дамуына өз үлесін қоса алады, су қандай тіршілік көзі болса, жас адам да өз ортасына дәл сондай қажетіне жарай алады, халықтың мұң-мұқтаждан болған шөлін қандыра да алады. Міне, осы негізде араб халқы жастық шақты суға теңеген.

Араб халқы су арқылы жастық шақтың қуаттылығын білдірсе, қазақ «жалынды жастық шақ» деген тіркес арқылы жастық шақты жалынды отқа

теңеген. Осыдан-ақ біз әрбір халықтың әлемдік тілдік бейнесінде сонау көне заманнан бері әрбір жағдайдың, табиғат құбылыстары мен ел дәстүрлерінің ізі қалыптасқанын көреміз. Қазақ халқының жастық шақты отқа теңеу себебі байырғы заманнан отқа табынушылық болғандықтан, онда бір күш-құдірет бар деп сенді. Сонау заманнан бастау салған бейне, қазақ халқының тілдік көрінісінде қалып қойған.

Қазақ тілінде сумен байланысты көптеген сөз бар. Мысалы, «сужұқпас» сөзі. Бұл барып тұрған алаяқ, жылпос, суайт, мүттәйім [11, 333 б.]. Яғни су жұқпайтын, су сіңбейтін мата, материал секілді сөзінен тайып кететін адам. Осы сөзден «сужұқпас шешен», «су жұқтырмас» тіркестері де шыққан. Сол секілді «суайт», «сумақай», «суми», «сумұрын» сөздері де бар. Осы сөздердің барлығы қазақ тілінде жағымсыз мағынада қолданылады. Бұлардың барлығына ортақ сипат, олардың су секілді тиянақсыз, тұрақсыз сипатқа ие адамдарға қолданылуы.

«*Су аяғы құрдым десейші*» тіркесті жолы болмай, бастаған ісінің аяғы жамандықпен аяқталған адамға қатысты қолданамыз. Бұл тіркестің түп тамыры қазақ халқының байырғы аңыз, әңгімелерінен шыққан: Жер жүзіндегі сияқты көк аспанда да күміс өзен, көк теңіз бар. Осы өзен тасып, көк теңізі толқығанда, жер бетіне жаңбыр жауады. Жер жүзіндегі сулардың басы асқар таулар арқылы аспандағы көк теңізі мен күміс өзенге жалғасады. Көк төсінен жерге келген сулар – бастау, бұлақ, жылғалар – бірі-біріне қосылып, аға-аға телегей теңізге құяды. Одан соң жердің астына өтеді. Осылай ұдайы аққан су, ең соңында, су аяғына барады. Сулар аға-аға су аяғына жеткенде, сол арадағы оппаларға құйып, мүлде құриды. Басы көк аспаннан басталып, бүкіл жер бетін саяхаттай ағып, ең соңында су аяғына жетіп, өзінің құритынын білген сулар бұрынғыдай сылдырамай, күңірене үн қатып: «кұрыдым, құрыдым!» деп, қайғы-қасіретпен ағады екен. Сол үшін бұл жер «*Су аяғы құрдым*» деп аталыпты. Су аяғы құрдым – су біткенді сіміріп, дым қалдырмайтын, орасан үлкен оппалардан құралған сұмдық жер. Бұл арада ешқандай тіршілік жоқ. Өсімдік атаулы да өспейді. Осы қаңсыған орынның қожалары «сұмырай» деп аталатын құбыжықтар екен. Бұл сұмырай – су біткеннің қас жауы. Ол кей жылдарда жер жүзіне де келеді. Сұмырай келген жылдарда жаңбыр жер бетіне түспей, аспанды жайлап, су тарылып, асау өзендер батпаққа, айдын көлдер шұқанаққа айналып, ерекше қуаңшылық болады. Мұның аяғы жұтқа, ашаршылыққа апарып соғады. «*Сұмырай келсе, су құриды*» деген сөз де осыдан шыққан екен. Осылайша бұл ауыздан ауызға тарап, қазақ халқының тұрақты тіркесіне айналған [12].

Тағы да суға қатысты өте қорқақ адамға қазақ халқы «су жүрек» деген атау берген. Оны біз «*Ой, су жүрек неме*» және «*Нағыз су жүрек екен*» делінген сөз тіркесінен күнделікті өмірде жиі қолданыста екендігіне көз жеткізсек болады. Осымен байланысты «жүрегім су ете қалды» деген де тіркес бар. Адам мұны да қатты қорыққан кезде қолданады.

Келесі тіркес «суқанын қашыру», яғни зәре-құтын алу, үрейін ұшыру деген мағынада қолданылады [11, 333 б.]. «Суқан, суқаны сүймеу» сөз тіркесінің мағынасы: жақтырмау, ұнатпау, жаны жек көру [11, 333 б.].

«Әйтеуір, сол жігітті суқаным сүймейді» (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). «Суқан» сөзінің төркіні қалмақ тіліндегі «цусн» (қан) деген сөзбен қазақ тіліндегі «су» сөзінен құралып «суқан» (қанқан) болып жасалған деген пікір бар [13, 253 б.]. Біздің пікірімізше, бұл қазақтың «суық қан» деген тіркесінен жасалған сөз. Яғни суыққанды жылан секілді адам жақтырмайтын, ұнатпайтын хайуандарға байланысты шыққан.

Суға байланысты діни дүниетанымнан туындаған тіркестер де бар. Мысалы, «ағын судың арамы жоқ» деген мақал. Қазақ халқындағы бұл мақалдың астары ислам шарифатындағы судың түрлеріне барып тіреледі. Ислам шарифаты бойынша, су нәжістен денені, киімді және орынды тазалаушы негізгі құрал саналады. Сонымен қатар судың өзінің де нәжістенуі мүмкін. Таза және нәжіс суды ажырату үшін судың бірнеше сипатына қарайды. Соның бірі ол судың ағатын не ақпайтын сипатына қарайды. Егер су ағын су болса, оған түскен нәжіс судың үш сипатының (иісі, дәмі және түрі) бірін өзгертпесе, суды аз не көп демей, су таза деген үкім беріледі [14, 34 б.]. Шарифат ғалымдары «Ағын су бірін-бірі тазалайды» деген ереже бекіткен [14, 40 б.]. Яғни қазақтың мұсылмандық дүниетанымынан «ағын судың арамы жоқ» деген тіркес шыққан. «Ағын су бал татыр, Ақ шабағы май татыр» және «Ақпаса су бұзылады» деген мақалдар да осымен үндесіп жатқандай.

Осындай тіркестердің бірі «судың да сұрауы бар» тіркесі. Бұл ысырапшылдыққа жол берілмеуі тиіс, әр нәрсенің жауапкершілігі бар дегенді білдіруде қолданылады. Мұхаммед пайғамбар бірде дәрет алған кезде суды мөлшерден артық қолданып отырған адамды көріп, оған суды үнемдеп қолдануды ескертеді. Сонда әлгі адам: «Дәрет алғанда да ысырып бар ма?» – деп сұрайды. Пайғамбар оның бұл сұрағына: «Ағып жатқан өзенде болсаң да (суды ысырап етпе)», – деп жауап береді [15, 481 б.]. Міне, осыдан «судың да сұрауы бар» деген түсінік қалған.

Нәтижелер

Екі тілде де «су» түбірінен туынды етістіктер жасалып, судың мағынасына қосымша мағыналарды үстейді екен. Дегенмен, бұл мағыналар екі тілде бірдей сәйкес келе бермейді. Су арқылы жасалған тіркестер мен мақал-мәтелдерден араб және қазақ халықтарының дүниетанымындағы судың алатын орнын анықтауға болады. Кейде ұқсастықтар болғанымен, көбінесе айырмашылықтар байқалады. Бірақ дінмен байланысты тіркестерде ортақтық басым екендігі анықталды.

Қорытынды

Қорытындыда суы тапшы, сахарада өмір сүретін араб халқында суды ең көркем сөзбен сипаттап, оның маңыздылығы мен қажеттілігін, көптеген тіркесте жағымды мағынада қолданылған. Араб тілінде «الماء» (су) ұғымының қазақ тілінен ерекше айырмашылығы сонда: арабтарда су көбінесе, жағымды мағынада қолданылған. Мұны олар өмір сүрген сахаралы аймақтағы судың қадірімен түсіндіруге болады. Және араб танымында су тіршілік көзі саналатын, табиғи құбылыс қана емес, ең қымбат асылы: жаны, өмірінің

берекесі. Әрине қазақ халқы үшін де судың орны ерекше болғанымен, жоғарыда келтірілген мысалдардағыдай, араб тіліндегі суға арналған теңеулер мен образдар қолданылмайды. Жалпы араб және қазақ халқы үшін «су» (الماء) концептісі тіршілік көзі ретінде жоғары бағаға ие. Екі халыққа ортақ ислам дінінен туындаған діни түсініктегі суға қатысты тіркестерден де ортақтықты, ұқсастықты байқаймыз. Екі халықтың ментальды білім жүйесінде суға қатысты қалыптасқан ассоциациялық ұғымдар бар. Оған жоғарыда келтірген тілдік бірліктер дәлел бола алады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Алматы: Ана тілі 1998. – 196 б.

[2] ابن دريد الأزدي. جمهرة اللغة. بيروت: دار العلم للملايين. 1987م ج. 1. ص: 624.

[3] المعجم الوسيط. استانبول: دار الدعوة. 1989. ص: 1067.

[4] Арабша-қазақша сөздік/ Түзушілер: Ы.Палтөре, Ж.Жүсіпбеков, Р.Мухитдинов, Қ.Қыдырбаев т.б. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2016. – 918 б.

[5] أحمد مختار عمر. معجم اللغة العربية المعاصرة. بيروت: عالم الكتب. 2008. ج. 2، ص: 1658.

[6] محمد علي السَّراج. اللباب في قواعد اللغة وآلات الأدب النحو والصرف والبلاغة والعروض واللغة والمثل. دمشق: دار الفكر. 1983. ص: 300.

[7] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. – Алмады: «Арыс» баспасы, 2006. 3-том. – Б-Б. – 744 б.

[8] أحمد مختار عمر. معجم اللغة العربية المعاصرة. بيروت: عالم الكتب. 2008. ج. 1، ص: 833.

[9] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Құраст. Б.Сүйерқұлова, С.Жапақов, Т.Жанұзақов және т.б. – Алмады: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2010. 12-том. – О-С. – 752 б.

[10] ابن منظور الأنصاري. لسان العرب. بيروت: دار صادر. 1414 هـ. ج. 1. ص: 806.

[11] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Құраст. А.Фазылжанова, Н.Оңғарбаева, Қ.Ғабитқанұлы және т.б. – Алмады: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2010. 13-том. – С-Т. – 752 б.

[12] <https://www.zharar.com/kz/makal/37462-su.html>

[13] Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 309 б.

[14] Мухитдинов Р.С. Фикһ әл-ғибадат. – Алматы: Кәусар-саяхат, 2011. – 544 б.

[15] أحمد بن حنبل. مسند الإمام أحمد بن حنبل. القاهرة: دار الحديث. 1995. ج: 6، ص: 560.

REFERENCES

[1] Smagulova G.N. Maǵınalas frazeologizmderdiń ulttıq-mädımı aspektleri (National-cultural aspects of meaningful phraseological units). – Almaty: Ana tili, 1998. – 196 b. [in Kaz.]

[2] Ibn Duraīd Al-Azdī. Jumhrat al-Lugha (Language population). – Bayrut: Dar al-Ilm Lil-Malayin, 1987m j. 1. – 624 s. [in Arab.]

[3] Al-Mu'jam al-Wasit (Intermediate dictionaries). – Istanbul: Dar al-Da'wa. 1989. – 1067 s.

[4] Arabsha-qazaqsha sozdik (Arabic-Kazakh dictionary)/ Tuzushiler: Y. Paltore, Zh.Zhusipbekov, R.Mukhitdinov, Q.Qydyrbaev t.b. – Almaty: "Nur-Mubarak" baspasy, 2016. – 918 b. [in Kaz. and Arab.]

[5] Ahmad Mukhtar Umar. Mu'jam al-Lughah al-Arabiyyah al-Mu'asirah (Influential Arabic language dictionaries). – Bayrut: Alam al-Kutub. 2008. j. 2, – 1658 s. [in Arab.]

[6] Muhammad Ali Al-Saraj. Al-Lubab fi Qawaid al-Lughah wa'lat al-Adab al-Nahw wa al-Sarf wa al-Balaghah wa al-Arwad wa al-Lughah wa al-Mithl (The core is in the grammar of the language, and the lesser literature is grammar, morphology, rhetoric, prosody, language, and proverbs). – Dimashq: Dar al-Fikr. 1983. – 300 s. [in Arab.]

[7] Qazaq adibi tilining sozdigi (Dictionary of the Kazakh literary language). On bes tomdyq. Qurast. A.Uderbayev, O.Naqysbekov, Zh.Qonyratbayeva j.ne. – Almaty: "Arys" baspasy, 2006. 3-tom. – B-B. – 744 b. [in Kaz.]

[8] Ahmad Mukhtar Umar. Mu'jam al-Lughah al-Arabiyyah al-Mu'asirah (Influential Arabic language dictionaries). – Bayrut: Alam al-Kutub. 2008. j. 1. – 833 s. [in Arab.]

[9] Qazaq adibi tilining sozdigi (Dictionary of the Kazakh literary language). On bes tomdyq. Qurast. B.Suyerqulova, S.Zhapaqov, T.Zhanuzaqov j.ne. – Almaty: "Qazaq Ensiklopediyasy" baspasy, 2010. 12-tom. – O-S. – 752 b. [in Kaz.]

[10] Ibn Manzur Al-Ansari. Lisan al-Arab (Arabes Tong). – Bayrut: Dar Sadir. 1414 h. j. 1. – 806 s. [in Arab.]

[11] Qazaq adibi tilining sozdigi (Dictionary of the Kazakh literary language). On bes tomdyq. Qurast. A.Fazylzhanova, N.Ongarbaeva, Q.Gabitqanuly j.ne. – Almaty: "Qazaq Ensiklopediyasy" baspasy, 2010. 13-tom. – S-T. – 752 b. [in Kaz.]

[12] <https://www.zharar.com/kz/makal/37462-su.html> [in Kaz.]

[13] Nurmagambetov A. Bes zhuz soz (Five hundred words). – Almaty: Rauan, 1994. – 309 b. [in Kaz.]

[14] Mukhitdinov R.S. Fiqh al-Gibadat (Jurisprudence of worship). – Almaty: Qausarsayaqat, 2011. – 544 b. [in Kaz.]

[15] Ahmad ibn Hanbal. Musnad al-Imam Ahmad ibn Hanbal (Musnad of Imam Ahmad Ibn Hanbal). – Al-Qahira: Dar al-Hadith. 1995. j. 6. – 560 s. [in Arab.]

ЯЗЫКОВОЕ ВЫРАЖЕНИЕ ПОНЯТИЯ «ВОДА» В АРАБСКОМ И КАЗАХСКОМ НАРОДНОМ ПОЗНАНИИ

*Мухитдинов Р.С.¹, Кожабекова Ш.Б.²

¹кандидат филологических наук, ассоциированный профессор,
Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы,
Казахстан

e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-3910-8222>

²кандидат филологических наук, ассоциированный профессор,
Казахский университет международных отношений и мировых языков имени
Абылай хана
Алматы, Казахстан

e-mail: sholpan200965@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1984-759X>

Аннотация. Поскольку понятие «вода» берет свое начало со времен возникновения человеческой цивилизации, оно представляет собой древнейший и ценнейший компонент, который входит в состав сотен устойчивых выражений и названий в письменной и устной литературе современных арабского и казахского языков. В разное время понятие воды в языке арабской поэзии отличается своим колоритом. Доисламская жизнь арабского народа, проживающего в пустыне Сахара, характеризовалась трудностями и суровостью по причине нехватки воды. Образ жизни арабского народа в джахилийское (доисламское) время известен миграциями с одного места на другое в поисках воды и зеленых пастбищ. Именно поэтому вода в арабском языке считается священной, неслучайно также и формирование любви и уважения к воде. Целью исследования является сравнение связанных с водой казахских выражений и глаголов, заимствованных из арабского языка с арабскими фразами, относящимся к воде. Если мы говорим, что в языке скрыт некий национальный код, то значение этого понятия для нации можно определить, изучая отдельные концепты. В данной статье путем обобщения языковых единиц понятия «الماء су» (вода) в арабском познании, анализа его фразеологических оборотов по отношению к

понятию «вода», свойственных казахскому менталитету, выявлены языковые проявления понятия «الماء су вода» в арабском и казахском языках, большинство из которых обусловлены образом жизни, бытом, религией и верой народа. Именно поэтому корни общности и смежности двух рассматриваемых национальных языков мы ищем в сходстве кочевого образа жизни и религиозного мировоззрения двух народов. Результаты исследования могут быть использованы учеными и переводчиками, занимающимися сравнительным изучением арабского и казахского языков.

Ключевые слова: вода, язык, корень, мировоззрение, народ, пословицы-поговорки, национальное мировоззрение, фразеологизм, перевод

THE LINGUISTIC EXPRESSION OF THE CONCEPT OF "WATER" IN ARABIC AND KAZAKH FOLK COGNITION

*Mukhitdinov R.S.¹, Kozhabekova Sh.B.²

^{*1}Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan

e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-3910-8222>

²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

e-mail: sholpan200965@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1984-759X>

Abstract. Since the concept of water dates back to the time of the birth of humankind, it is the most indigenous and fertile composition of hundreds of stable expressions and names found in the spoken and written literature of the modern Arabic and Kazakh languages. Whatever the period, in the Arabic language of poetry, the concept of water differs in its flavor. The pre-Islamic life of the Arab people living in the Sahara Desert was characterized by difficulties and severity due to the lack of water. The lifestyle of the Arab people in Jahili (the time of Ignorance) times is known for migrating from one place to another in search of water and green pastures. Therefore, it is no coincidence that in Arabic water is considered to be sacred, the formation of love and respect for it are mentioned. The aim of the article is to compare the Kazakh expressions and verbs connected with water borrowed from the Arabic language with the Arabic phrases related to water. If we talk about the fact that a certain national code is hidden in the language, then it is possible to determine the meaning of this concept for the nation by studying individual concepts. Therefore, this article summarizes the linguistic units of the concept "الماء su" (water) in Arabic cognition, analyzes its phraseological units in relation to the concept of "water" in Kazakh mentality, identifies linguistic manifestations of the concept "الماء su water" in Arabic and Kazakh languages. We will witness what has arisen in connection with religion and belief. Therefore, we are looking into the roots of community and solidarity in the two peoples under consideration in their similar nomadic lifestyle and religious worldview. The results of the research can be used by the scientists and translators who study and compare the Arabic and Kazakh languages.

Keywords: water, language, root, worldview, people, proverbs and sayings, national worldview, phraseology, translation

Статья поступила 05.02.2024